

## БӨЛІМ: САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫ

## «Мажорлы тональдікте құрылатын интервалдар»

ЖАРИЯЛАНДЫ  
26.10.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/83812/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

«Мажорлы тональдікте құрылатын интервалдар» «Мажорлы тональдікте құрылатын интервалдар»  
Сабақтың тақырыбы Тәрбиелік Сабақтың түрі Үй тапсырмасын тексеру Интервал атауы Белгіленуі Басқыш саны Тондық құрамы Мажорлы тональдікте құрылатын интервалдар Сабақты қорытындылау, үй...

«Мажорлы тональдікте құрылатын интервалдар»

«Мажорлы тональдікте құрылатын интервалдар»

- Сабақтың тақырыбы
- Тәрбиелік
- Сабақтың түрі
- Үй тапсырмасын тексеру
- Интервал атауы Белгіленуі Басқыш саны Тондық құрамы
- Мажорлы тональдікте құрылатын интервалдар
- Сабақты қорытындылау, үй тапсырмасы
- Бағалау

**Ашық сабақ**  
 Күні: 11.10.2015ж  
 Пән: Сольфеджио  
 Мұғалім: Ргелова К.Б.  
 Сынып: 4 бөлім: ХАБ

**Сабақ жоспары**  
 — Ұйымдастыру 2мин  
 — Үй тапсырмасы 13мин  
 — Жаңа тақырып 45 мин  
 — Қорытындылау, бағалау 3мин

**Сабақтың тақырыбы:** «Мажорлы тональдікте құрылатын интервалдар»  
**Мақсаты:** Сольфеджио пәніндегі аса қажетті тақырыпты терең меңгеру.  
**Білімділік:** Өткен тақырып бойынша оқушылардың білімін жүйелеу.  
**Тәрбиелік:** Оқушылардың «Интервал» деген тақырыпқа қызығушылығын арттыру, салыстырмалы тыңдау қабілетін дамыту.  
**Дамытушылық:** Оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру, дүниетанымын кеңейту, салыстырмалы тыңдау қабілетін дамыту.  
**Сабақтың түрі:** аралас  
**Керекті құралдар:** тақта, магнитті тақташалар, кестелер, плакаттар, оқулықтар, фортепиано, лото-интервалдар, картонкалар.  
**Сабақтың жүру барысы**  
**Ұйымдастыру:** Сәлемдесу, тізім бойынша оқушыларды тексеру.  
**Керекті құралдар:** тақта, магнитті тақташалар, кестелер, плакаттар, оқулықтар, фортепиано, лото-интервалдар, картонкалар.  
**Сабақтың жүру барысы**  
**Ұйымдастыру:** Сәлемдесу, тізім бойынша оқушыларды тексеру.

**Үй тапсырмасын тексеру:**  
 • Балалар, үйге берілген тапсырма қандай?  
**Үй тапсырмасын тексеру:**  
 • Топпен №27 жаттығуды өндету (алдымен, жаттығу тональдігіне түсу, гамма, Т53 өндету)  
**Үй тапсырмасын тексеру:**  
 • Балалар, үйге берілген тапсырма қандай?  
 • Топпен №27 жаттығуды өндету (алдымен, жаттығу тональдігіне түсу, гамма, Т53 өндету)  
 • Екі топқа бөлініп, №296 жаттығу-жанды өндету  
 Балалар, біз өткен сабақта «Мажорлы және минорлы тональдіктер» деген тақырыпты өттік. Үйден ережені жаттадық па? Олай болса біз қазір екі топқа бөлініп, сабағымызда қызығарлық болуы үшін топ-топмен жарысып көрейік. Өткен тақырыпты бекіту үшін, әр топқа бір кестеден беріліп, дұрыс жауабын табу. Оқушылар стрелкаммен белгілеп көрсету керек. Әр дұрыс жауапқа сәйкесінше қызыл картонкадан беріледі

**1-топқа:**

Соль мажор		As-dur
Ля бемоль мажор		H-dur
Си бемоль мажор		B-dur
Си мажор		G-dur

**2-топқа:**

До минор		fs-moll
Фа диез минор		es-moll
Си минор		c-moll
Ми бемоль минор		h-moll

**Жаңа сабақ:**  
 -Бүгінгі біздің танысатын жаңа тақырыбымыз «Мажорлы тональдікте құрылатын интервалдар». Мажор сөзіне түсінік берсек. «Мажор — итальян сөзі - жүлкен, қатан» деген мағынаны білдіреді. Мажор ашық, көңілді саз. Өріптік жүйеде **dur** сөзімен белгіленеді. Оның тондық құрамы манадай:  
**Тон - тон - жарты тон -тон - тон -тон - жарты тон** немесе  
**2 тон - жарты тон - 3 тон - жарты тон**  
 Осы жерде біздің өткен материалды еске түсірейік. Қойылатын кіріспе сұрақтар:  
 — Интервал деген не? (кез келген 2 дыбыстың аралығы)  
**ИНТЕРВАЛДАР**

Интервал атауы	Белгіленуі	Басқыш саны	Тондық құрамы
Таза прима	t1	1	0 тон
Кіші секунда	k2	2	0,5 тон
Үлкен секунда	y2	2	1 тон
Кіші терция	k3	3	1,5 тон
Үлкен терция	y3	3	2 тон
Таза кварта	t4	4	2,5 тон
Таза квинта	t5	5	3,5 тон
Кіші секста	k6	6	4 тон
Үлкен секста	y6	6	4,5 тон
Кіші септима	k7	7	5 тон
Үлкен септима	y7	7	5,5 тон
Таза октава	t8	8	6 тон

— Интервалдың сапасына қарай қандай түрлерін білеміз? (таза, кіші, үлкен)  
 — Интервалдың жалпы неше түрі бар? (сегіз: прима, секунда, терция, кварта, квинта, секста, септима, октава)  
 — Олардың қайсысы тек қана таза болып бөлінеді? (t1, t4, t5, t8)  
 — Ал кіші және үлкен болып бөлінетін интервал түрлерін атап шығайық (секунда, терция, секста және септима).  
 — Жарайсындар, өткен материалды ұмытпаңыздар!  
 Енді тақтадағы кестеге назар аударайық.

**Мажорлы тональдікте құрылатын интервалдар**

мажор	I	II	III	IV	V	VI	VII
k2	*	*	*	*	*	*	*
y3	*	*	*	*	*	*	*
t4	*	*	*	*	*	*	*
t5	*	*	*	*	*	*	*
y6	*	*	*	*	*	*	*
y7	*	*	*	*	*	*	*

Бұл кесте бойынша сол қатарда жазылған интервалдарды берілген басқыштарда (оң қатарда) құрылады. Бұл кестеге қарап, тондық құрамын есептейміз-ақ, интервалды жылдам құра аламыз. Мысалы, үлгі ретінде До мажорда құрып көрейік. Сұрақ:  
 — До мажордың әріптік белгісі мен кілт белгісін кім айтады? (C-dur, кілт белгісі жоқ). Тақтаға кесте бойынша секунда және терция интервалдарын құрып көрейік.

**k2 - III (ми-фа); k2 - VII (си-до)**  
**ү3 - I (до-ми); IV (фа-ля) V (соль-си)**  
 Біз жаңа секунда және терция интервалын құрдық. Әлі кварта, квинта, секста және септима интервалдары бар. Оларды үйден аяқтап құрып келеміз.

**Тыңдау анализі**  
 Қазір мен сендерге (екі топқа) магнит-тақташадан беремін. Ал сендер естіген интервалды өздеріңе үнемі естірілген лотомен тексеріп, тақтаға жазыстырасындар. Мен сендерге тек таза интервалдарды ойнаймын. Қай топта лото неғұрлым көп болса, сол топ жеңімпаз болады.  
 Алдымен, әр интервалға кішігірім талдау жасайық:  
 1) прима - бір дыбыстың қайталануы (оңай)  
 2) октава - бір дыбыстың келесі биіктікте естілуі (өте мен)  
 3) кварта - төрт дыбыстың аралығы (естілу қатты, «Оян, қазақ!» өлең жолдарына сай келеді және домбыра аспабының екі ішегінің аралығын еске түсірмейсіз)  
 4) квинта - бес дыбыстың аралығы. (іші бос, әр жұмсақ естіледі)  
**t1 t4 t5 t8 t5 t1**  
**t4 t8 t5 t4 t1 t5**  
 Сұрақ арқылы дұрыс, бұрыстығын тексеру.  
 • Қай топта дұрыс жауап көп екен? (дұрыс жауап арқылы қызыл картонкадан тарату)  
**Жаттығу талдау:** Берілген жаттығуға талдау жасау: тональдігін анықтау, интервалды анықтау, аспаппен бірге өндету; (Тональдігі: Соль мажор, ү3/ү2/к6/ү2/к7/т4)  
**Сабақты қорытындылау, үй тапсырмасы:**  
 • Балалар, бүгінгі сабақта біз қандай тақырып өттік? («Мажорлы тональдікте құрылатын интервалдар»)
 

- Кесте бойынша ү7 нешінші басқыштардан құрылады екен?
- Енді бүгін өткен жаңа тақырыбымызды бекіту үшін, тағы бір ойын ойнайық. Ойынның шарты: әр топқа бір жаттығудан беріледі. Топтағы оқушылар сол жаттығудың ішінен соғұрлым көп интервал табу керек. Көп тапқан топқа қызыл картонка беріледі.

**1-топқа:**  
 2-топқа:  
**Бағалау:** Екі топтан жеңімпаз топты анықтау. Сабаққа белсене қатысқан оқушыларды бағалау.  
**Үйге тапсырма:** Кесте бойынша кварта, квинта, секста және септима интервалдарын дептерге құру, ереже жаттау.  
**Құндылығын аударып беру:**  
 1. Баева Н., Зебрят Т., «Сольфеджио для I-II классов»: №296 / Москва «Кифара», 2003.  
 2. Давыдова Е. «Сольфеджио I-XII ДМШ»: №27 / Москва «Музыка» 1991  
 3. Калинин Г.Ф. «Сольфеджио, рабочая тетрадь 4класс» / Москва, 2013  
 4. Казеева Т., Казеева А., «Азартное сольфеджио» / ЦИТС «Доминанта»  
 5. Казеева Б. «Музыка сауаттанын практикалық көмегі» / Алматы, 1995.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.